

Бірлескен ғылыми зерттеу ұйымын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 11 тамыздағы N 265

М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университеті, Қазақстан

Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының және Білім және мәдениет министрлігінің арасындағы тығыз ғылыми-техникалық байланыстарды,

Қазақстан Республикасынан жыл сайын оқуға қайтарымсыз негізде 100 студент пен аспирант қабылдаудың қалыптасқан тәжірибесін,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мұддесінде ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру және жоғары білікті ғылыми кадрлар даярлау қажеттілігін ескере отырып,

ММУ-дың Қазақстан Республикасындағы ғылыми, мәдениет пен ғылыми инфрақұрылымды дамытудағы орасан зор үлесін мойындай отырып:

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы 1996 жылғы 25 қарашадағы Келісімге сәйкес (5 және 6-баптар):

1. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы бір ай мерзім ішінде М.В.Ломоносов атындағы ММУ мен тепе-тең негізде В.Г.Фесенков атындағы астрофизика институтының Тянь-Шань биік таулы астрофизика обсерваториясының негізінде бірлескен ғылыми зерттеу ұйымын (Тянь-Шань астрономиялық обсерваториясы) ұйымдастырысın.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен ақивлерді басқару департаменті белгіленген тәртіппен бір ай мерзім ішінде бірлескен ғылыми-зерттеу ұйымының меншігіне Тянь-Шань биік таулы астрофизика обсерваториясының оның қалалық инфрақұрылымын қоса алғандағы мүлкін тапсырысЫн.

3. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы ММУ-дың басшылығымен бірлесе отырып, екі ай мерзім ішінде бірлескен ғылыми-зерттеу ұйымы - Тянь-Шань астрономиялық обсерваториясын қаржыландыру мен басқару мәселелерін шешсін.

Премьер-Министр